алған 1991 жылға дейін және 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін. Бүгінгі күні архив
ұжымы Ел басының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау мақсатында біраз жұмыстар
атқарыпты. Атап айтқанда бүкіл құжаттарды цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен
қатар архив жұмысын, ондағы құжаттарды насихаттау мақсатында көрнекі құралдар
шығаруды да қолға алған екен. Ролан деп аталатын көрнекі құралдың біреуі Тәуелсіздік
алғанға дейінгі аудан тіршілігіне арналса, екіншісі бүгінгі таңда тәуелсіздік тарихын паш
ететін фотоқұжаттардан тұрады. Бұл ралаттармен архивтің оқу залында тарихи сабақтар,
аудан көлемінде экскурсиялар өткізіп тұрады. Енді бір қолға алған жұмыс жеке тұлғаларға
қатысты құжаттарды жинақтау. Солардың бірі арнаны қорапқа салынған құжаттар Ерсейменің
ардақты аксақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыс алдында Еркіншілік аудандық
комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған, соғыстан қайтқан соң аудашның жауапты
қызметтерін атқарған Атығаев Іолым ағамызға арналған екен. Ағамызға тиесілі не бір суреттер,
Алғыс хаттар,Мадақтама,Мақтау грамоталары, ордендік, медальдық кітапшалар, аға жайында
жазылған газеттік мақалалар, мінездемелер, өмірбаяны пәпке-пәпке болып топтастырылған
екен. Қаран отырып 1918 жылы дүниеге келген Іолям атамыздың өмірбаяны арқылы
ауданымыздың өткен тарихынан хабардар боласың Өйткені бәріміздің ата-аналарымыз сол
заманда өмір сүріп, аштықты, репрессияны,соғысты, соғыстан соң ел шаруашылығын
қалпына келтіруғын эпопеясы сынды тарихи баспалдақтарды бастан кешірген. Бұл да тарих.
Сондықтан аудандық «Рухани жаңғыру» кабинеті аудан тарихына қатысты құжаттарды
аудандық архив ұжымымен бірігіп, жарыққа шығару бағытында жұмыс жасамақ.

М.Б.ӘДІРЕШЕВ,
Аудандық «Рухани жаңғыру» кабинетінің меңгерушісі

“Архив 2025” арнайы жобасын орындау - өмір талабы

М.Әдірешев

Ерейментау ақпарат №31

5 тамыз 2021 жыл

ТАҒДЫР ТАЛҚЫСЫНА ТҮСКЕНДЕР

Өткен XX ғасырдың ел басына түсірген ауыртпалығы жайлы бүгінгі күні аз жазылып жүрген жоқ. Сол зобалаң заманның зауал-зарын, қасірет-қайғысын әр ауыл, әр отбасы тартқаны тағы да шындық. Ел басынан өткен сол бір қатыгез заманға байланысты мына бір естелікті Қуншалған өңіріндегі Шәкей ауылының тумасы, бүгінде Қарағанды облысының Молодежный кентінде тұрып жатқан еңбек ардагері Кошер Әлімбаев ағамыздан естіп едім. Көшекен 32 жыл шопан болып ақылы қой өсіріп, ерен еңбегінің арқасында бұрынғы Целиноград облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық кеңестің депутаты болған адам. «Еңбек түбі – сары алтын» демекші, 100 саулықтан 100-110 қозы алып, Ерейментау ауданы бойынша алдыңғы қатардағы еңбеккерлердің бірі болғанын біледі. Сол еселі еңбегі ескерусіз қалмай, «Құрмет белгісі», I және II дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен, жеті мәрте Социалистік жарыстың жеңімпазы деген тосбелгімен марапатталған болатын. Шопандық кәсіптің қыр-сырын ақтарып отырып ағамыз: «Мен үшін шопандық қиын бола қойған жоқ, өйткені жастайымнан жетімдіктің ащы дәмін татып, өмірдің соқтықпалы соқпағынан өттім. Анам менің әкеме тұрмысқа шыққанда отызда ғана екен. Соған дейінгі 30 жылда көмгеен азабы болмапты. Алғашқы құдай қосқан қосағы ел ішінде беделі зор, сауаты бар Иіс деген азамат екен. Осы Иіс 1939 жылдың қысында милициядан бой тасалап қашып жүрген Әбдіраман байдың немересі Арынғазыға жаны ашып көмектеспек ниетпен әйеліне:

-Рахима, сен бүгін бір қазанға ет сап, тағы бір қазанға су қайнат. Анау айдалада қаңғып жүрген Арынғазыға бір жақсылық жасайық. Елдің азаматы ғой, кісі өлтірген жоқ. Ары таза. Күн болса бораң, ешкім сезе қоймас. Бүгін оған біздің үйге түс деген хабар бердім, – дейді.

Бұл кезде Арынғазы әскерден қашып, Қуншалған тауының бір ұңғыр паналарын абанды» аталып жүрген кезі екен. Түнің бір уағында үлкен тұрған бораң даусымен ешкімге сездірмей Арынғазы ақырындап терезе қағып, үйге кіреді. Қазанда қайнап тұрған ыстық суға рахаттана жуынып, дайындаған дәмді ішіп алған соң, қалған етті қоржынға салып, енді ауылы белмеге шыққақ болған сәтте, біреулер есікті дүрсілдете қағып: «Арынғазы, шық далаға, сен осындасың! Иіс, есігінді аш та, шығар Арынғазыны, әйтпесе сотталасың!» – деп даусталды.

Арынғазы сонда: «Ай Иіс-ай, істеген жақсылығың Алладан қайтсын, бірақ сендерге кесірім тиді-ау. Бүгін келгенімді біреу жеткізген ғой. Мен оларға оңайлықпен алдырмаймын. Рахима, сен «Арынғазы бұнда жоқ, есікті ашпаймын» деп аналарды алдандыра бер, ал Иіс екеуміз қораның сырт қабырғасын бұзайық. Атымның басы мен кудесі сыйға болды, мен оларға жоқпын, –деп екеуі қора жақты шығады да, қабырғаны бұза бастайды. Өзден соң әкбеғағымен қорадан атын шыққан Арынғазы:

-Мен мұндамын, оларға тиіспе, олардың жазығы жоқ! –деп Бас Шәкейдің тұсындағы биік төбеге қарай шаба жөнеледі. Арынғазының түнді жарған айғайын естіген милиция тұтеген бораңда оның қалай қарай шауып кеткенін ажармай, жан-жаққа гүрсілдетіп атқылай бастайды. Бірақ бұдан еш нәрсе шықпайтынын білген олар есікті теуіп ашып, терезені сындырып, «бандыны паналаттың» деген айғышен Иісті кісеңдеп, сол түні аудан орталығы Благодатқа алып жөнеледі. Рахима апамыз жалғыз қызын құшақтап, зар еңіреп үйде қала береді.

...Бірақ Иіс ұсталып кеткенмен, тіршілік қылу керек. Рахима колхоздың сиыр қорасын тазалап, малдарын жайлап, ай сайын бірер рет аудан орталығында қамауда жатқан Иіске жазылатын тамақ апарып тұрады. Благодат Шәкейден 30 шақырым жерде. Таң ата шыққан апамыз түске қарай жетіп, күйеуімен жүздесе алмай, әкелген тамағын күзетшіге беріп, жазылып үйге қайтады екен. Қыстың күні қысқа, тез батады. Сол жылдары қаскыр да қатты болыпты. Ауылда керосин, солярка деген таппы, шуберекті тоқ майға доналатып алып, жолда Сайтанды,лап өткенде соңы жағып, қаскырларға сес көрсетіп, әйтеуір құдай сақтайды. Сейтіп жүрін көктемге ілігеді. Осылай тағы бір жолы түрмеге күйеуіне келгенде, еден жуатын бір әйел:

-Ой, бейшара Рахима, немеиеге келе бересін жоқ күйеуіңе. Оны сол айдап әкелген күні ұстап тастаған, – депті.

Бұны естіген Рахима төбесінен жай түскендей болып, сол арада есінен танып құлайды. Бірақ құдай басқа салған тауқыметке қарсы тұрар амал жоқ, сәлден соң есін жиып, орнынан тұрып, тағдырына лағнет айтып, Шәкейге қайтады. Бірақ Рахиманың бұл көрген қорлығы қасіреттің алды ғана екен.

Күйеуі Иіс ұсталғанда, Рахиманы бірге тұтқындамаған себебі, колхоздың малын қыстан шығару үшін адам күші керек еді. Мал өріске шығып, ауысы көкке ілінген кезде, «қызылжағалылар» Шәкейге арнайы келіп, «халық жауының қатыны» деген желеумен Рахиманы тұтқындап, аудан орталығына алып кетеді. Екі-үш рет тергеуінің алдына барған ауылдың сауатсыз әйелі не деп жауап берсін. Ақыры сол бетімен сотталып, халық жауларының әйелдерінде арналған лагердің (АЛЖИР) тұтқыны болып шыға келеді.

Жан-жағын солдаттар қоршаған ел далада мал қорасы секілді етіп салған барақтарға қамалған бұлардың тұрмысының ауырлығын айтып жеткізу қиын. Күнделікті жейтін тамақтары тәңертен және кешке беретін дәмсіз ботқа. Сонан соң абалаған иттері бар күзетшілердің қоршаумен қол жағасындағы қамысты шабады. Дайындалған қамыспен барақтың төбесін жабады, өздеріне төсеніш қылады, қу сабаңды пешке жағып, аз да болса бойларын жылытады.

Бірде қамыс шауып жатқанда, лагердің қоршауына қайыршыға ұқсақ бір сәтте адам топ балалармен келіп, «алыңдар, жендер» деп тас лақтыра бастайды. Соның бір түйірі Рахима апайдың жанына түседі. Бұл ағарған не нәрсе деп қолына алып қараса, кәдімгі құрт екен. Жанындағыларға сыбырлап: «Жиналдар, жинап алыңдар, бұл құрт екен» – деп айтуға үлгереді. Сол екі ортада ағпен шауып келген күзетшілер оларды қамышын астына алып, қуып тастайды.

1942 жылдың көктемінде лагерге отарлап қой әкелінеді. Лагерь басшыларының талабы бойынша қойларды қырқып, жүнінен шұлық, қолғап, кеудеше тоқып, майдан даласындағы әскерлерге жіберу. Әр тұтқынға кәдімгідей норма белгіленіп, қатаң қадағалап, жұмыстан жүргізе бастайды. Әйтседе, мал келген соң, тұтқындар оңала бастаса керек. Қойдың сүтін ішіп, өлген малдың етін пышақ қылып, тіршілік жасайды. Ал Рахима апамыздың деше бітімі іріленсу болғансын ба, не бір қиын жұмыстарға жібереді екен. Басқа түскен қиындыққа мойынсұнбаған ол кісі кейін бір есіне түскенде баласы Кошерге: «Біздерді қойшы, оңбағандар үлкен бастықтардың сотталған әйелдеріне қырғидай тиіп, дамыл бермейтін, не бір ауыр жұмыстарға салып, жандарын қинайтын» – деп айтып отырады екен.

1945 жылы соғыс аяқталған хабарды естіген тұтқындар, сәл бізді босатсаң шығар деген үмітте болды. Дәл сол кезде лагерде ерт шығып, тұтқындардың біразының киімдері, құжаттары жанып кетеді. Бұндай оқиғадан соң лагерь басшылары өздері дағдырып қалса керек. Содан сол жылдың жазында бір топ тұтқындарды ашық машинеге салып, №6 қой совхозы деп аталатын Қызырбай деген жерге жеткізеді. Бұл жерде совхоздың қойларын саулап, үкіметтің тапсырған жоспарын орындау керек екен. Бұлар ол кезде құжаттары жоқ, бірақ бес бостандығы бар азаматтар санатында болса керек. Рахима апамыз сонда жүріп, Бекарыстан деген ақсақалдың ақылымен Хамзе деген адамға тұрмысқа шығады. Хамзенің жасы ол кезде 58-де екен, ал Рахиманың 30-дан жаңа ғана асқан кезі болса керек. Тұрмыс құрған соң Хамзе атамызбен келісіп, апасының қолында қалған Шолпан деген қызын алдыртады, ал ұлын Кикібай руының үлкені Қабрахман деген адам Омбы қаласындағы өзен флоты училищесіне тапсырған екен. Ол бала сол кеткеннен хабарсыз жоғалады. Хамзе мен Рахима 10 жылдай жанұя болып, жұрт қатарды өмір сүріп, алты бала дүниеге әкеледі. Маған бұл естелікті жеткізуші Кошер ағамыз осы алты баланың үлкені.

-Сол зардаптың шет жағасын мен де көрдім, – деп әңгімесін жалғады Кошекен. - Әкеміздің жастай қалған соң, бала болсам да еңбекке араласып, анама қолғанат болдым. Мектепте де үлгерімім жаман болған жоқ. Анам колхоздың сауыншысы. Тапқан табысы айына төлейтін 16 рубль. Жасым 18-ге толғанда, өзіммен бірге оқыған Рымкеш атты қызбен сөз байласып, шаңырақ көтердік. Бірақ дәл сол жылы тағы бір полеге душар болдық. Ауылдың көп жақсыларымен бірге менің де аттарым колхоздың егінінде түсіп кеткен екен. Ауыл белсенділері шу көтеріп, «потрава», егінді бұздырды деп, бізді отбасымызға 16 рубль айыппұл салды. Алды-артқа ақпасыз тойымсыз кеткен, бұздай соманы төлеу біз үшін үлкен салмақ. Анамыз ауылдық кеңестің төрағасы барып: «Менің табысым 16 рубль, анау салықты қалай төлеймін. Жесір кемпірге жасап жаттқан бұл не қиянат?» –деп өтініш іздемек болса керек. Оған ауыл белсендісі: «Халық жауының қатыны, үкіметтің егінін таптаттырып қарап отырмыз ба, төпеттірем мен саған!» – деп зіркілдейді. Бұл қорлыққа шыдамаған анамыз әйел де болса ашуы келіп, алғі белсендіні алып соғып, ұрып тастаған екен. Әйелдеп таяқ жеген ауылдық кеңестің төрағасы (аты-жөнін айтпай-ақ қоялық) ашуға булығып, қайтсе кек алмақ болып, аудандық әскери комиссариатқа барып: «Әлімбаева деген халық жауының әйелі, баласын әскерге жібермесу үшін әдейі үйлендіріп жатыр» – деп шағымданады. Әскери комиссариатқа да сол керек, әп-сәтте повестка шығып, Кошер ағамызды әскерге алады да жөнеледі. Сол жылы Кенес үкіметі жанадан жарлық шығарып, әскер қатарында қызмет ету екі жылға белгіленіп (бұрын үш жыл болған); арада 1,5 жыл салып Кошекен еліне қайтып оралған екен.

Осы бір қысқа ғана естелікте замана зардабын, бізден бұрынғы буын өкілдерінің, аталарымыз бен әжелеріміздің, ата-аналарымыздың басынан өткен қасіретті баяндамақ болдым. Бұл біріншіден, келер ұрпақ үшін сабақ, екіншіден ел мен жер тарихының қасіретті бір кезеңі.

Маман ӘДІРЕШЕВ,
Ерейментау ауданының Құрметті азаматы

Тағдыр талқысына түскендер
М.Әдірешев
Ерейментау ақпарат №33
19 тамыз 2021 жыл

• РУХАНИЯТ

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАРИХИ МУЗЕЙ КОЛЛЕКЦИЯСЫНДА»

Халық қол өнері – ғасырлар мұрасы

Біз өнерлі халықпыз! Көшпелі тұрмысқа қажетті бұйымдарды қолдан жасаған бабаларымыздан бүгінгі ұрпағымыз. Қай кезде болмасын қазақтың қолөнері өз құндылығын жойған емес. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен тұрмысқа қажетті мүлікпен, әшекейлер жасаған.

Ас табақ халқымыздың байырғы ұлттық бастап қолданып келе жатқан тұтынатын бұйым болып табылады.

Ең алғашқы астаулар Б.З.Б. VII ғасырларда пайда болған. Біздің Бөгенбай батыр атындағы Ерейментау аудандық тарихи өлкетану музейінің қорлерінен орын алған ас табақтар коллекциясына тоқталсақ:

Сіздің назарыңызға ұсынып отырған мына ас табақ диаметрі 54 см. Ортаңғы бөлігінің шеткі тұсында тесігі бар. 1917 жылдан бері Ерейментаудың тұрғыны, білім беру ісінің үздігі Ермек Шортанбайқызының өтбасында сақталған. Бұл астаудың тарихына көз салсақ, анасы тұрмысқа шыққан кезде оның ата-анасы жасау ретінде сыйға тартқан екен. Яғни бұл астаудың тарихы 100 жылдан астам деген сөз. 2012 жылы музейге тапсырылды.

1.1991 музейімізге ашылған кезде Бозтал ауылының тұрғыны Мәкен Бекішқызы атты әжеміз астаулар коллекциясын музейге сыйға берген. Астауша. 19 ғасыр. Диаметрі 54 см, ортаңғы бөлігінің шеткі тұсында тесігі бар.

Келесі астаушаның екі шетіндегі құлақшасы қошқар мүйіз сынығынан жасалған.

1)Мына табақтың диаметрі 14 см, ортасында жырығы бар, шеттері 2темір бекітпемен бекітілген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Монголиядан қоныс аударып келген 90 жастағы Дидар Тойтеңқызы атты кейуананың айтуынша, атасы жасаған бұл астауды көзінің қарашығындай сақтаған екен, кейінгі әжеңнің нәтижесінде музейге тапсырылған.

Шебер қолөнершілер жай ағашты тегістеп, жоңып, дәл осындай стіл ас табақ жасап шығарады. Ағаштың сапасына, төзімділігіне баса мән берген екен. Әдеуіт оңай ағаш таңдаған. Астауды кептірілген ағаштан, яғни қайын, қарағаш, үйеңкіден жасаған. Бұндай әдемі ас табақ ақдастарыңды қуанытып әлберетіні сөзсіз. Сонымен қорытындылай келе, ас табақ жасау салтын қайтадан ұмытпай, бағалайық!

Манап ӘДІРЕШЕВ, өлкетанушы

Халық қол өнері- ғасырлар мұрасы Ерейментау ақпарат №04 28.01.2021 жыл

Сегіз қырлы, бір сырлы... М.Әдірешев Ерейментау ақпарат №03

21 қаңтар 2021 жыл



ҒИБРАТ

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ...

(Сайлау Жылқыбаев жайлы бір үзік сыр)

Біз Сайлау екеуміз ертеден танылы іжі бауырмал адамдарыз. Мен – аға, ол – ағы білім, өмірге сай ұлы сөзкостарымен бірге өтіп келе жатырмыз. Алғаш рет Сайлаумен «Горный» кешіндісі портал ұйымының хатшысы болып тағайындалған 1985 жылдың күзінде таныстым. Ол кезде Сайлау отбасылы, ешкімге ұқпаушы болып адамдағы шебері болып жүрмек екенбіз. Бірақ бостандықтың сырт сезуінде ойна ыстаны емес. Оның ортасындағы өнері бірыңғай сезігеннің ойнағы арнайы жолдастың, кеңдіктің алдын. Кешкі директоры Рахманов Жұма деп мені қасыңызды, ол – ағы, жалдасын жұмысына кіріп, ерекше ортаны ашуды болды. Сойтіп Сайлау бауырымен Болтаға ауылына келесінің тергаусы өтеулов Бауыржан, жұмысшылар комитетінің тергаусы Мұхаметқали Қонаш, комсомол комитетінің алдыңғы Жомартқаны бірінші комитетінің ортасы жұмысына ұйымдастыруға шақырды. Сайлаудың кешкісін жақсы ойнаушы ретінде ортаға шығыстыны бесінді ұйымдастыруға Сайлаудың кешкісін жақсы ойнаушы ретінде ортаға шығыстыны бесінді ұйымдастыруға.

Бірде ауылымызға шығармашылық іскерлікпен Қазақстан Суреткерлер одағы Целиноград областық филиалының директоры Бокурдин Марат бастаған бір топ суреткерлер келеді. Бұл кісілерді арасында Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтты сурет-графика факультетінің деканы Бідірбек Мұратбек Ағайбекұлы да бар екен. Суреткерлер Сайлаудың талантына таңданыс білдіріп: «Бұл жігіт өнерін ешкімге қолқоймауы керек, қайтсе де оқуы керек – деп дірілі жол сілтеді». Солсоңғы болып, Сайлау жасының ең ортасындағысы ретінде, Алматыдағы Қазақ Политехникалық институтының сурет-графика факультетіне түсіп, суретшілер мұғалімі мамандығын алып шықты да, Болтаға ауылдағы орта мектепте бала оқыта жүрді. Және жай ғана қатарлы мұғалім болып қалмай, өнерін пәрмендімен пайдалана білді. Сол кезде Сайлаудың кешкісін жақсы ойнаушы ретінде ортаға шығыстыны бесінді ұйымдастыруға Сайлаудың кешкісін жақсы ойнаушы ретінде ортаға шығыстыны бесінді ұйымдастыруға.

2003 жылы ол «Ұлық ұстаз» ретінде білікпуыл алтасын, ұрпақтың обалы жолымен бірінші ағымнан көрінісе, республиканы бойынша екінші орынды еншілеп, жайлы жолмен бірінші шығарды. Бірақ жеңіс Сайлаудың өзі мен Болтаға орта мектебі үшін сол емес. Ерейментау аудандық білім бөлімінде ауданды білім беру бөлімінің басшысы Ғалым Сәлменқұлы жеңіп алды қуана қатысқанын есіңізде.

Бірақ Сайлаудың адар бинді ағасы ол. Ол ағысын дүниенің тереңіне бойлап сырын ұғынып, табиғатпен сырласып, оны өлеңге айналдырды. Өмірін ақынның дарынымен қоштасуға тоғыстыра бастыр. Байқасаң, ол бір бірлестіктің мүшесінің деңгейде сөзмай, жоғарыны бойлап сөзтап жүре керек. Бірақ, сарыарқа ақынын өзінше тоқтау бола ма, оның алтынсақ жолдары тереңнен бұлқынып шыққан бұлақ сияқты тағылып, ағанағанда аудандық, кейін облыстық, республикалық басылымдарда жариялана бастады. Осы оқиғалар кейін хошпаттанып, «Болтаның қалтасы шіпшіп» деп ой атауын кітап болып шығармақшы қоюлатыды.

Сайлаудың шығармашылық жолы да теңдесіз. орталық жинақтарының жасауда қамтылып бастаған жоқ ұшынды, мәрмұм Дүкенбай, Досжанмен. Ол Сайлаудың «Болтада қалтасы шіпшіп» атталмасы жинағы ой шығы: «Сайлау шексіз өнерді өндіріп жасады. Жай ұйқасқұлы жайбіжіп, арнасы ұстатып бастыр жарылдарда тірі сонат жүрегінен шығып жатады. Ең ғаншеті, оның сезіне біздің – деп ағбота берсін. Дүкенбай ағамнан: «Сайлау мекенбіз ағаз ағамнатынды болады, шығармаларынды жаттап ұлық болып, енді тоқтамайсың!» дегені де бастыр ол болып, оған жаңалық ізденіс ыстыратқай түсті. 2015 жылы жарық көрген «Қаңтарғанда тілдесу» кітабында ол:

Жігерім құм бол жүгерім бемен,
Жоқ, менің мұрнымнан қайтыс де.
Ақ жеңнен көрсет жүрегім – кемем,
Жар бөктін жүзім айдынды.
Толқындар жатар айдынын менің,
Шарқ ұрып өлеп – шыңдаған.
Мұнарда кілсем қайсыдан кеңін,
Тоғаныш тастас жалдан
Тұсінбес, тыныйай Домалды мекен,
Сағынып кетіп мұрнды сынды.
Алыстан келіп ғаламды көзбен
Күлгеншетпен тілдесуі, – дегенді алеу жолдарымен орнекенбей.

Сайлау арқалығы ізденіс үстінде жүреді. Оның ортасындағы ағаларының ортасы кім. Махаббат пен достық, ел мен жер, туған Отан, отыны тарих, оқиғы бармағында «ішінде үш бір Сайлаудың қонтанбасы көрінін тұрады. Оның ортасындағы оқиғы оғырлы бабқаланым, Сайлаудың ортақ болуға бармайтындығы, комсомолдікке ұрынбайтындығы, бір ешкім шыңдықты бейнелі сезбен ортасқай ковы тандыларды. Қарасаң, «Горный деген өлеңде:

Жарқырап ер беретін ақ таңдарға,
Жат біліп ақ жамық бол жаныңнан көрсе.
Аппақ қар – ақ, дүлейлі жаны ағыдым,
Арқалып ақ бораны бастағанда.
Ақ дүлей ұлытылыда ескерілер.
Кеттанбей күтіреміз шыншылар ол.
Теңсеніп тоғайдағы көрі қайын,
Тұрнектай қуыпта енді ішік қалғанда.

Қандай керемет шумақтар! Оқып отырмыз, сол дүлей боранның ішінде жүргендей әсер аласыз. Қаңтарайында туған адамнан ба, Сайлаудың өлеңдерінің бірінде ыс тамырлыны арналыпты. Оны ол жасырмайды да. «Тұтқа күнімнің» ішінде:

Қаңтар айым, қаңтар айым.
Өзің де ойы ортаны ыстар айым.
Бірін ешқ ашып бір жыл ешқайын.

Тұтқа күнім неліді деп жарасалмын, – деп болсаң, «Кір ыстық», «Ыстығы жыр», «Ақпасар ыстық», «Мәрмұрлыдағы бірлік», «Жаңаны жаңбыр», «Қоңыр дала» сияқты ыстық сезімнен сезіне сезімнен суретіңді.

Өйтсе де ыстықты ыстықтағысы оны, Отаны, ауылы, елінде деген ортаны ешқай:

Сырлардың ашып бір дәнмен, бір тапқа,
Жан-жүрегім, тағы да бір сөз тапқа.
Дүйір тасқа ыстарын сен ыстаңдар,
Жыр ортаны, ер бұлтқа, ер жалы
Ғаппақ болып ерайлаңдар ер ортаңа,
Мен де сенде ыстарын ем ыстаңдар.
Іңкәмнен ұқы сіздің сөз тағы.

Тағдыбеттім тербетілген Болтаға, – деп тұтқа жырге деген сүйіспеншілігімен арналатын, рухтанған елем кешіне тіне жол тартады. Сойтіп Ереймен жерінде ортаңдағы тіпсіз бірінші ауылдарға одан жолдарын арнайды, оны ортаңа ыстық қойнай сол ортаңдағы ыстық ортаңдық, ортаңдық ортаңдық сол ортаңдағы ортаңдық ортаңдық.

Ақмолмыз енді бір ортаңдағы ортаңдар тоғатамен ыстықмыз, бестігі тапқанын тұрмаңдар, ортаңдар, мынау жаңаулыдағы – Кәмшаш Бесқоянов, Зейін Шашкин мен Алмаңдар Тоқтасынов, Дүкенбай Досжанов, Сонан Тұрысбекенов ортаңдағы. Сонан Тұрысбекенов ортаңдағы ыстық ортаңдағы поэма деп болатынды. «Қоңыр толқынды» күйін тойлатты алтын бірі дегенде «Домбыра дала», «Домбыра мекен», «Домбыра сұлыпы», «Кеңіл толқынды». «Домбыра дастаны» ағы тарихпен жіктеліп, Сонанның ыстық ортаңдағы ортаңдағы ортаңдағы

Ел-жұртының алдында перзенттік парызын адал атқарған, өз ісіне берік Манап Бектасұлы Әдірешев өзгелерден талантымен, жан-жақты іскерлік қабілетімен дараланып тұрады.

Ерейменге еңбегі сіңген азамат

Біз өз уақытында оның әке-шешесімен көрші тұрдық. Манап жастайынан еркелікке берілмей, оқуына мұқият қарап, мектепте озат оқушы атанды.

Бізмен ұмытылмастай сақталғаны: оның ата-анасымен түскен суреті ұзақ жылдар бойы мектептің Құрмет тақтасында ілулі тұрған еді. Әдесі Бектас Әдірешев жастайынан жетімдіктің ащы дәмін татып, өткен ғасырдың 30-шы жылдары қазақ елін шырмаған аласапыр уақытында Благодат ауылындағы интернатта өсті. Ұлы Отан соғысының бас-аяғын түгелдей көрген сол бір жан өзінің ұрпақтарына әкелік тәрбиесін молынан берген, ауылдастарының алдында беделі зор азамат болды.

Анасы Бадижамал да Баянауыл балалар үйінде тәрбиеленген. Павлодардың педучилищесін тамамдағаннан кейін Ерейменде ұстаздық еңбек жолын бастаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қарпалдай Бадижамал анамыз Жарық пен Ортақшылы ауылдарының мектептеріне директор болып қызмет атқарды.

Анамыздың алдынан талай шәкірттер дәріс алды. Олардың қатарынан мемлекет қайраткерлерін де, білім жолына түскен талымдар мен қарапайым дала еңбеккерлерін де көруге болады. Қиындықты көп көрген бұл жаңұя үлкендерінің басты мақсаты – балаларына тәрбие мен білім беру болды. Сондықтан шығар, Манап онжылдықты үздік бітіріп, Алматының Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетіне түседі. 1971 жылы оқуын үздік аяқтаған жас жігіт Алматыда қалмай, туған жері Ерейментауға оралып, №2 мектепте орыс сыныптарына тарих пәнінен сабақ бере бастайды. Ол ұмыр бойы Ереймен еліне табан аудармай еңбек етті.

«Талаптыға нұр жауар» демекші, жас жігіттің жігері мен талпынысы ауадан басшыларының назарына түседі. 1974 жылдың тамыз айында Ерейментау аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Сайлаубек Байболатұлы ұсынысы бойынша ол сол бөлімге нұсқаушы болып қабылданады. Қыр-сыры мол қызықты жұмысты Манап тез арада игеріп алады. Бертіндегі ол сол партия комитетінде бөлім меңгерушісі, «Горький» кеңшарының партия ұйымының хатшысы болып жұмыс істеді. Сондай жауапкершіліктің арасында ол Қазақстан Коммунистік партиясының 17 съезіне делегат болып қатысады.

Мен Манаптың ағасы Қайыргелдімен өте жақын араластым. Өйткені, ол үлкенге іні, кішіге ақылды ага бола білді. Өз еліне беделді, тұмасынан көпшіл, ағайын-туысқа бауырмал, достарына мейірімді кісі – үлгері ел ауызында жүрді.

Сол Қайыргелді досым інісін керемет сыйлайтын. Манап болса ағасының айтқан ақыл-кеңесін, ұсыныстарын жерге тастамайтын. Неге екенін білмеймін, ағасы Манап десе ішкен асын жерге қоятын. Менінше бұл да оның жастайынан қалыптасқан ер мінезінен болар деп топшылаймын. Ол өткір, шешен, өз шешімін өзгертпейтін, жасқанбай тура айтатын кесек мінезді азамат болғандығынан болар. Осы мінезі және терең білімі мен өнері оны жаңа белестерге жетеледі.

Ерейментау ауданына бір кездері әкім болған Өміреерік Қайыржанұлы Мұсабаев Манаптың еңбеккорлығын бағалап, 1997 жылы Бөгенбай батыр атындағы қазақ орта мектебіне директорлық жұмыска шақырды. Екі жылдан кейін олжаңа қызмет белестерінен көрінді. Нәтижесінде сол аудан әкімдігінің мәдениет бөлімін 16 жыл бойы басқарды.

Құлдыраң кезеңіне тап болған шақта оның басынан небір қиындықтар өтіп еді. Айта берсе уақыт жетпесі анық. Оның ұйымдастыра білу қабілетінің нәтижесінде мәдениет ошақтарына жан бітіп, 17 клуб, 5-6 кітапхана коммуналдық меншікке қайтарылып, онда қызмет атқаратын штаттық бірліктер бюджеттен нақты өз орындарын тапты.

Аудан көлемінде «Әнші балапан», «Біле жастық» байқаулары, мушәйра ақындар айтысы, халық шығармашылығының байқаулары өріс алды. Жан-жақты ізденістің арқасында Ерейментау облыс көлемінде алдыңғы қатарға шығып, бірнеше рет өзінің биік сапаттағы орнын сақтап қалды. Мысалы, өңірлік халық шығармашылығы байқауларында он төрт рет бас жүлдені, үш рет бірінші орынды алып, қалған жылдары екінші және үшінші дәрежеден көріне білді.

Осы тұста Ерейментау ауданында 200-ге тарта көркемөнерпаздар ұжымы бар. Бұл сол ерен еңбектің жарқын көрінісі дер едім. Соған сәйкес, Манап Әдірешевтің атақ-абыройы көтеріліп. Оның есімі Ақмола облысының «Үздік мемлекеттік қызметкер» Құрмет тақтасына еніп, астаналық өңір басшысының, сондай-ақ, мәдениет басқармасы мен аудан әкімінің бірнеше рет Алғыс хаттарына ие болды. Оған қоса еселі еңбегі үшін оған Ерейментау ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Жеткен жетістіктері үшін бірнеше медальдармен де марапатталды.

Манап Бектасұлы өнелі бәйтеректей тамырын терең жіберген ел азаматы. Әуелден-ақ ол өнегелі ұрпақтың ұйтқысы, ақылшысы болып келеді.

Жасынан абзал жандарға – білікті мектеп ұстаздары: Райхан Бекболатұлы мен Евдокия Леонтьевна елікпен көркем әдебиетті терең оқып, халық ауыз әдебиетінің мұрасынан көп сусындады. Соның әсері ме, әлде тарихқа деген құмарлығы ма, оның қолынан зерделі кең жастарға рухани азық болар мақалалар, кітаптар да аз шыққан жоқ.

Оның ауданның «Ереймен», облыстық «Арқа ажары» газеттерінде жарық көрген көптеген мақалалары өзінің құндылығымен оқырмандар көңілінен шықты. Атап айтқанда, «Ерейменде неміс автономиясын құру уақиғасы», «1916 жылғы Ереймендегі ұлт-азаттық көтерілісі» жайлы мақалалары, «Елдіктің бастауы, Ерліктің дастаны – Ерейментау» атты экспедициядан кейінгі ой толғау сапарнамалық жазбалары еліміздің өткен өмірінен хабар беретін шығармалар.

2014 жылы Манап Бектасұлының көп ізденіс пен толғанысқа нәтижесінде «Ерейментау» атты энциклопедияны жазып шығуы – оның нағыз тарихшы, өлкетанушы екенінің айқын дәлелі болды. Содан кейінгілері: «Өмір өткелдері», «Өткен өмір – өппес белесі», «Қаныжғалы Кинжбай шежіресі» сияқты туындылары оның қаламгерлік қабілетінің тағы бір айғағы болды.

Қазіргі шақта ол туған елінің тарихи мұрасын зерделеп, елеусіз қалған ақын-жыраулар, қоғам қайраткерлері, ерен еңбегі бар батырлардың өнегелі өмір жолдарын айқындау бағытында мандай терін төгу үстінде. Бір айта кетерлігі, өткен жылы Ақмола облысы мәдениет басқармасының ұсынысымен Манап Бектасұлы республикалық «Үздік өлкетанушы» төс белгісімен марапатталды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Біз ардақты ел азаматына зор денсаулық, берекелі әрі сабырлы өмір тілеймі.

Талғатбек ЖАНАЙДАРОВ,
Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Нұр-Сұлтан қаласы.

Ерейменге еңбегі сіңген азамат
Т.Жанайдаров
Арқа ажары №126
26 қазан 2019 жыл

Жетпістің белесіне шыққан аға С.Жылқыбаев Ерейментау ақпарат №01 7 қаңтар 2021



ЖЕТПІСТІҢ БЕЛЕСІНЕ ШЫҚҚАН АҒА

Биылғы жылы Ерейментау ауданының Құрметті азаматы, «ҚР Үздік өлкетану ұйымы» төсбелгісінің иегері, мәдениет саласының ардагері, Бөгенбай батыр атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Манап Бектасұлы Әлірешев жетпіс жасқа толып отыр.

Ерейментаудың құз-жартастарындай рухы мықты да аскақ, көңілі лос-жарнаға-мәдір бұлақтай таза, ел алдында абыройлы ағамыз өмірінің жетпіші белесіне шарпамай, шалдықпай шығып отыр.

Әдебиет пен өнерге, тарих пен шежіреге жаны жақын, рухани жан дүниесі заманның тынысы-тіршілігімен үйлескен Манап аға бар саналы ғұмырын өзі өсіп-өнген туған топырағында, интеллектуалды еңбектің қайнаған ортасында өткізіп келеді.

Соғыс жеткінші жылдары Алматының Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін тамамдаған жас жігіт тағдыр тұғыр жеріне еңбек жолын бастап, зейнет жасына дейін елге қызмет етуді жазған екен. Манап Бектасұлының мектепте ұстаздығынан басталған ұмыр-дастаны аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, «Горный» кеншарында партия комитетінің хатшысы, Боғалы ауылы әкімшілігінің басшысы қызметтерімен жалғасып, аудандағы жауапты бір сала – мәдениет бөлімін басқаруға ұласты. Осы жерден құрметті демалысқа шықты.

Манап Бектасұлының білімі мен біліктілігі, жинаған өмірлік мол тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілеті аудандағы мәдениет саласының бағыныш дамуына ықпал етті.

Тоқсаныншы жылдардағы экономиканың уақытша дағдарысы кезінде ол аудандағы тірлігі тоқтап тұрған көптеген мәдени нысандарды қайта қалыпқа келтіру жолында алыбай еңбек етті. Осы еңбегі өз нәтижесін бергенше бүгінде ел-ауыл. Бүгінгі күні аудан мәдениетінің көркейіп, қанат жая дамуы Манап Бектасұлының қажырлы еңбегінің арқасы деп білемін.

Отбасындағы әке тәлімі, ана сүтімен бойына сіңген ақыл-парасаты, ұстамдығы мен адам жанын бірден ұғып тұратын терең психологиялық пайымы, өзгеге өз ойын қарапайым тілмен жеткізе білуі, көз-келген аудиторияда тыңдаушыны өзіне тартып алатын тұа біткен шешендік дарыны – Манап ағаның басшылық қызметтілігі ең басты қасиеттері болды. Ол жетекшілік еткен жылдары аудан мәдениетінің материалдық-техникалық базасы нығайып, халық шығармашылығының көркемөнерпаздар ұйымдары облыс деңгейінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, дүбірлі жарыстар мен байқауларда бас жүлделерді бірнеше мәрте жеңіп алды. Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында аудандық мәдениет бөлімінің жанынан Тілдер орталығын ашуға қол жеткізді.

Қазір де музейдегі қызметі барысында өзінің жинақтаған өмірлік тәжірибесін кейінгі буын өкілдері – жастарға беруден жалыққан емес. Оның бастамасымен Ереймен елінің көптеген тарихи тұлғалары мен есімдері Республика жұртшылығына танымал азаматтарының құрметіне аудандық деңгейде мәдени көпшілік шаралар өткізілді.

Манап Бектасұлы кейінгі жылдары ел мен жер тарихына қалам тартып, екі тілде «Ерейментау ауданының энциклопедиясы» кітабын, «Ерейментау ақындарының антологиясын» және «Өмір өткелдері» атты өз өмірі мен әулетінің ғұмырнамасын сипаттайтын кітаптарын шығарды. Қазіргі кезде ол шежіреді Ереймен елінің түпкір-түпкірдегі ауылдарының тарихын ауқымды түрде зерделеп, жинақтап жарыққа шығару үстінде. Сонымен бірге Манап аға аудандамызда ұйымдастырылған тарихи-танымдық «Шаңды жорық іспеңе», «Елдіктің бастауы, ерліктің дастаны – Ерейментау» атты танымдық экспедицияларға белсене қатысып, ел тарихына байланысты құнды деректер жинады.

Манап ағамыздың ерекшеліктерінің бірі – адамды тану білетіндігі. Осы қасиетінің арқасында ол жұмыс барысында соңына ерген көптеген ініқарындастарының өмір жолы мен еңбек жолының түбегейлі өзгеруіне ықпал етіп, ақыл-кеңесін беріп, жан-жақты қолдап, олардың азамат болып қалыптасып, қызмет баспалдақтарын көтерілуіне жол ашып берді.

Манап аға отбасында үлгілі, өнегелі әке, ардақты ата бола білген бір әулеттің ақсақалы. Соңына ерген іні-қарындастарының да қамқоршы, жанашыр ақсақалы. Өмірлік жан жары Дәметхен Шаймерденқызы екеуі Әділ мен Мәрзия деген екі ұлды дүниеге әкелік, жоғары білім алуларына мүмкіндік жасап, жақсы азамат етіп тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұлдары өз аталарына жеке шаңырақ көтеріп, үйлі-баранды болып, ата-аналарына немере сүйгізіп, Нұр-Сұлтан қаласында тұрып, еңбек етіп жатыр.

Жетпіс жастың белесіне шыққан Манап ағамызға іркілмей ізгі ниетпен, ой-арманы биік. Біздер мерейлі жасқа жетіп отырған Манап ағаға шыққан биігіңіз тұғырлы болып, ұмыр жасының ұзағынан болсын дейміз!

АҒАҒА

Жүзіңізден күлімдеп көктем, аға,
Жан-жағына жылулық төккен аға.
Ереймендей елінде алтын басым,
Жүректігім өрдейім, көппен аға.
Шежіресі Күмылдаған тауларының,
Кеудесінен самал боп ескен аға.
Ұстаздықтың жолымен білім ізгіп,
Сапасына шыңдаптың сепкен аға.
Дәуірлердің үнсіз үніменен,
Ел-жұртымен ғұмырды кешкен аға.
Ауылында Боғалының көшбасшы боп,
Жүрген кезің шыға ма, естен, аға.
Басқарып мәдениет саласын да,
Мәртебе мен мерейін өсіп, аға.
Тарихында ауданның алған рет,
Энциклопедия жасаған тек сен, аға.
«Өлкетану үлгісі» төсбелгіңді,
Түсірмеңіз еңкейіп тастен, аға.

Ерейменнің Құрметті азаматы,
Берембі той әрқілы теңтен, аға.
Ақыл менен парасат бойында бар,
Пендешік пен жауапсыз, кектен аға.
Талас-тартыс тіршіліктің додасында,
Тіл тиісіп, жетесіз, бетпен аға.
Рухымы мол, көңіл пейіл, кешірімді,
Көңілінде кек алмай, кешкен аға.
Тәп-ағастан ешпай, өзім сергек,
Алыбай, елге қызмет еткен аға.
Дәметхенмен жеңгемен қол ұстасып,
Ұрпақтарын аялап, өпкен аға.
Өзі айтқан, өмірінің өткелдері,
Жеті қырдан аман-сау өткен аға.
Жетінші жауырынды алмастырып,
Жетпіс жасқа бүгінде жеткен аға!
Шалдықпай, шөбісыңнан айнымаңыз,
Тосып тұр алдыңызда сексен, аға!

Сайлау ЖЫЛҚЫБАЕВ, Ерейментау ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы